

## Күршім ауданының Төсқайың ауылдық округіне қарасты Шанағаты ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Төсқайың ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 15 тамыздағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 тамызда № 6120 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Төсқайың ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 3 ақпандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Төсқайың ауылдық округі әкімінің 03.02.2020 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілед).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес , және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Күршім аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 370 ұсынысы негізінде, Төсқайың ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Төсқайың ауылдық округіне қарасты Шанағаты ауылына ірі қара мүйізді малдарының арасынан сарып ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Төсқайың ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

*Төсқайың ауылдық округінің әкімі*

*А. Беткенбаев*